

Оқыту - тәрбиелеу технологиясы

3.2015





Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы сәуірдің 22-тіркеліп, 7163 - ж куәлігі берілген.

3/2015

мамыр-маусым

2007 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР
АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында ойынмен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша.

Абай

ОҚЫТУ - ТӘРБИЕЛЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЕКІ АЙДА БІР ШЫҒАТЫН
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Бас редактор –
МЕИРХАНОВА ЗУРА ЕСҚАЛИҚЫЗЫ

Төрағасы –
ОРАЗБАЕВ ДІЛДАБЕК
ТӘЖІБАЙҰЛЫ

Редакциялық алқа:
Амренов А.С.
Тоқтарғазина Ғ.
Хайрушева Е.

Ақылдастар кеңесі:

Ахметова Мәдениет - ШҚО,
Өскемен қаласының білім бөлімінің
басшысы.

Бөрібаева Сафура – әл-Фараби
атындағы ҚазҰУ, ф.ғ.к., доцент.

Бакирова Ләйләш – Алматы
облысы, Жамбыл аудандық білім
бөлімінің басшысы.

Байсұлтанова Гүлбахор –
Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА.

Ергешов Абай – Шиелі аудандық
білім бөлімінің басшысы.

Исабек Нұрдәулет - Т.Жүргенов
атындағы ҚазҰӨА колледж
директоры, п.ғ.д., профессор.

Иманбекова Бақытгүл –
ББЖКБАРИ, п.ғ.к.

Ибраева Гүлфайруз – Т.Жүргенов
атындағы ҚазҰӨА.

Кобдикова Жанар - ББЖКБАРИ,
п.ғ.д.

Орақова Амангүл – ББЖКБАРИ,
п.ғ.к., доцент.

Тұрлыбеков Біржан - Үржар
ауданының білім бөлімінің басшысы.

МАЗМҰНЫ

К.Н.Шакиров. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық қатынастар факультетіне - 20 жыл.....	3
С.Ж.Айдарбаев. Особенности содержания образовательных программ подготовки юристов-международников.....	12
Г.А.Машимбаева, Ж.Т.Сайрамбаева. Совместные образовательные программы магистратуры факультета международных отношений КазНУ имени аль-Фараби.....	15
А.Ж.Тусупова. О методике преподавания конституционно-правовых дисциплин.....	18
Е.Ахметов. Флагман высшей школы.....	22
С.М.Әпенов. Халықаралық құқық білімі қажеттілік.....	26
Р.Алипқызы. Профессия – дипломат.....	27
Ф.П.Уразаева. Білімге "Нұрлы жолмен".....	30
К.Ж.Алтаева. Мәңгі өлмес жырымен із қалдырған.....	32
Л.Б.Нысанбекова. Равный над равным.....	33
А.Хурмет, А.Бахтиярова. Нұрлы жол.....	34
Е.Е.Хайрушева. Фестиваль русской культуры в КазНУ.....	35
Е.Т.Өміржанов. Құзырлық бағытты мемлекет және құқық теориясын оқытуда қолданудың тәжірибелік ерекшеліктері.....	36
З.К.Аюпова. К вопросу о совершенствовании основных форм аудиторных занятий: от монолога к диалогу.....	41
С.М.Апенев, М.К.Самалдықов. "Қазақстан Республикасының және шетелдердің қылмыстық құқығы ерекше бөлімі" пәнін оқытудың кейбір ерекшеліктері.....	44
Т.К.Ерджанов. К вопросу о несовместимости тестирования с компетентностным подходом в процессе преподавания юридических дисциплин.....	48
Б.Амандосұлы, А.Бегжан. Мобильдік құрылғыларды қолданудың кейбір мәселелері.....	52
М.С.Досымбекова, Т.А.Токтыбеков. Модернизация курса административного права в условиях административной реформы.....	55

А.Хурмет, Ж.Төлеухан. Ағылшын тілі сабақтарында ән айту.....	59
С.Б.Бөрібаева. Ресми құжаттарын кейбір стильдік ерекшеліктері.....	62

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕ

1. Ашқан ғылыми жаңалықтарыңызды, өткізген сабақтарыңызды, шараларыңызды бірінші жақта жазуларыңыз тиіс /Мен өткіздім, т.б./ Қазақ тіліндегі ғылыми мақалада орыс және ағылшын тілінде, орысша мақалада қазақ және ағылшын тілдерінде түйін. /резюме/ болуы қажет.
 2. Ғылыми мақалаларда пайдаланған әдебиеттер тізімі: а) әдебиеттің авторы; ә) аты; б) шыққан баспасы; в) шыққан жылы, жері, беттері жазылсын.
 3. Авторлар осы журналға толық бір жылға жазылғанын растайтын түбіртектің көшірмесін мақаламен бірге жіберулері тиіс.
 4. Мақала компьютерге (11 шрифт) тығыз теріліп, параққа шығарылып, дискімен бірге қабылданады. Сөздердің арасы ашық болмасын, асты сызылмасын.
 5. Мақаладағы мәліметтерге, терминдерге, шығарылған есептерге, атауларға автор өзі жауап береді.
 6. Журналға суреттер (фото) JPEG, JPG форматында жіберілуі керек.
 7. Эл.поштамен жіберілген мақала мен суретке автордың аты-жөні жазылсын.
 8. Автор аты-фамилиясы, қызмет орны, мекен-жайы: қаласы, облысы, ауданы, ауылы, телефонын толық көрсетуі керек.
 9. Бұл журналда шыққан материалдар көшіріліп басылса, “Оқыту-тәрбиелеу технологиясы” журналына сілтеме жасалсын.
 10. Ғылыми деректерде, өлең, т.б. міндетті түрде сілтеме жасалсын.
- Осы ережелерді орындасаныздар мақалаларыңыз өндіріске тездетіп жіберіледі.
Редакция сұрақтарыңызға жауап беруге әзір.

МҰҚАБАНЫҢ 1-ШІ БЕТІНДЕ:

Кәрімжан Нұрымұлы Шәкіров – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, халықаралық қатынастар факультетінің деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор. ҚР “Криминалистер Ассоциациясының вице-президенті”. Еуропалық Құқық Академиясының мүшесі (Будапешт).

Педагогтар, студенттер қауымы Елбасының жолдауын қолдауда.

Ұстаздар инновациялық технологияны пайдаланып толымды да терең білім беруде.

Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі.

әл-Фараби

ОҚЫТУ – ТӘРБИЕЛЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

(Технология обучения –
воспитания)

Республиканский научно-
методический журнал
№ 3/2015

БІЗДІҢ ТҰРАҒЫМЫЗ:

Алматы қаласы
Телефон, факс 224-01-48
ұялы телефон: 8-777-595-8563
Эл.пошта: Zura_escalievna@mail.ru
Журнал материалдары редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Басуға 05.04.2015 ж.
қол қойылды.
Пішіні 70x108 1/16

Өріп түрі Times New Roman

Шартты б.т. – 4
Авторлық б.т. – 5,2
Есептік б.т. – 5,6
Шартты бояулы
Бет таңбасы – 4,87
Офсеттік басылым
Бағасы келісімді
Таралымы – 2000
Индексі – 75387

Меншікті иесі – мекеме “Білім ақпараты” ғылыми-педагогикалық «Оқыту – тәрбиелеу технологиясы» редакциясы

Журнал ТОО “ВикАП-Медиа”
баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Есенжанов 30
Қолжазба қайтарылмайды, мақалаларға пікір жазылмайды.

© “Оқыту – тәрбиелеу технологиясы”
№ 3, 2015ж.

Авторлар мақалаларындағы пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

жасауда. Ең алғаш Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құруға бастамашы болған да Елбасы. Бұдан басқа Кеден Одағы мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың дүниеге келуіне Елбасы себепші болды. 2010 жылы Қазақстан Елбасының бастамасымен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Сонымен бірге, біз Ислам ынтымақтастық ұйымына үлкен абыроймен басшылық жасадық. Мұның барлығы Елбасының халықаралық аренадағы биік беделін көрсетеді.

Сондықтан да болар біз де, жарқын болашақ жастары, ҚазҰУ студенттері, қалыспай, барынша бұл күнге өз үлесімізді қосуға тырысып бақтық.

Өткізілген тәрбие сағатында «Нұрлы жол» атты жаңа жолдау талқыланып, елбасына арналған бейнебаяндар көрсетілді, өлеңдер де оқылды. Халықаралық қатынастар факультеті халықаралық құқық кафедрасының 2 курс студенттері Сағындық Арайлым, Ибраимова Малика, Ибрагимова Анель, Сыбанбаева Назерке, Сапар Маржан, Дасарбай Ләззат, Мирзадинова Жания, Қайшашова Жангүл, Еркін Сандуғаш атты қыздарымыз Президентімізге арналған өздерінің баяндамаларын оқып, жетістіктерін баяндап, презентациялар көрсетті.

Аталған шараға қонақ ретінде ҚазҰУ табалдырығын жаңа аттаған жас өрен 1 курс студенттері және қара шаңырақ оқытушылары да шақырылды.

Тәрбие сағатының соңы студенттер ұйымдастырған концертпен аяқталды.

Алматы қаласы.

ФЕСТИВАЛЬ РУССКОЙ КУЛЬТУРЫ В КАЗНУ

Е.Е. Хайрушева,
КазНУ им. аль-Фараби

В конце апреля 2015 года в Казахском национальном университете имени аль-Фараби пройдет Фестиваль русской культуры. Мероприятие посвящено дружбе казахского и русского народов и приурочено к празднованию в РК Года Ассамблеи народа Казахстана.

Год Ассамблеи народа Казахстана, стартовавший 6 февраля 2015 года, – это год мира, общественного согласия и единства народа Казахстана. Как подчеркнул заведующий Секретариатом Ассамблеи народа Казахстана Администрации Президента Республики Казахстан Е. Тугжанов, основной смысл предстоящих событий – масштабная демонстрация уникальной казахстанской модели межэтнической толерантности и общественного согласия Президента страны Нурсултана Назарбаева [веб-сайт <http://strategy2050.kz/ru/news/16927>].

Инициатором и организатором предстоящего мероприятия выступила кафедра русской филологии, русской и мировой литературы факультета филологии, литературоведения и мировых языков. Помогут состояться этому незабываемому празднику студенты-бакалавры 1-2 курсов казахских отделений всех факультетов университета, а также магистранты факультета филологии, литературоведения и мировых языков.

Программа Фестиваля будет насыщенной и запоминающейся: торжественная церемония открытия, конкурс русской песни, творческие письменные работы и, конечно же, церемония награждения победителей.

Для профессорско-преподавательского состава кафедры русской филологии, русской и мировой литературы проводить в апреле месяце праздник словесности

стало доброй традицией. Проводятся данные мероприятия в рамках ежегодных Багизбаевских чтений на факультете филологии, литературоведения и мировых языков.

В 2011 году «Праздник русской словесности» стартовал 14 апреля, а итоги мероприятия были подведены 25 апреля на III Багизбаевских чтениях. Студенты филологического и исторического факультетов КазНУ, школьники из Алматы, Павлодара, Шимкента, Экибастуза исполняли песни на русском языке, участвовали в викторине по русскому языку, литературе и культуре. Победители праздника русской словесности приняли участие в финале I-го Всемирного фестиваля русского языка в г. Санкт-Петербург (Российская федерация). Студенты факультета филологии, литературоведения и мировых языков КазНУ им. аль-Фараби стали лауреатами конкурса русской песни, им были вручены дипломы.

В 2012 году «День русской культуры» проходил 26 апреля в рамках IV Багизбаевских чтений. Почетными гостями праздника стали преподаватели Волгоградского государственного университета (Россия) д.ф.н., профессор кафедры русского языка Е.В. Терентьева и к.ф.н., доцент кафедры немецкой филологии А.Н. Шовгенин. Работу жюри возглавляла Д.Г. Абдулхакимова - работник отдела организационно-методического обеспечения и языковой политики Департамента по воспитательной работе КазНУ им. аль-Фараби.

57 лучших студентов читали произведения А.С. Пушкина, М.Ю. Лермонтова, В.Я. Брюсова, А.А. Ахматовой, М.И. Цветаевой, С. Есенина, О. Сулейменова, В. Высоцкого, Б.Ахмадуллиной, А. Дементьева, Э. Асадова, исполняли произведения собственного сочинения, песни на русском языке. Завершился праздник торжественной церемонией награждения.

Организаторам «Дня русской культуры», студентам и преподавателям удалось создать настоящий праздник изящной словесности, на котором царили творчество, красота и культура [По материалам сайта кафедры русской филологии, русской и мировой литературы КазНУ им. аль-Фараби].

Быстро пролетят и дни предстоящего фестиваля, но благодаря интересному сценарию, художественному таланту студентов незабываемые впечатления останутся на всю жизнь.

г. Алматы.

ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ БАҒЫТТЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Е.Т.Өміржанов,

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық
құқық кафедрасы, з.ғ.к., доцент**

Еліміз нарықтық қатынастарға бет бұрған соң жоғары оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру мәселесі де жаңа сипатқа енді. Ендігі жерде жоғары оқу орындарының түлектерін бұрынғыша жолдама беру арқылы жұмысқа орналастыру мүмкін болмай қалды. Жоғары білім берудің басты қағидаттарына өзгеріс енгізу қажеттілігі туындады. Нәтижесінде еліміз Болон үдерісіне қосылып, еуропалық стандарттарға сай білім беруге бет бұрды. Ендігі жерде жоғары білім беру әдіснамасына бұрындары бізге етене жақын